



ТАБИҒАТ

Әйгілі Шарын шатқалында ерен деген өте бағалы өсімдік өседі. Көз көргендер шатқал аңғарындағы жасыл желектің тарихын тым арыдан қозғайды екен. Осыдан бірнеше күн бұрын сол ерентоғайға біздің де табанымыз тиді. Ерен ағашынан қиып салынған Дінмұхамед Қонаевтың демалыс үйіне түстік. Тоғайдың қақ жүрегіне орналасыпты. Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи парктің қызметкерлері өзен бойлап өскен ерен ағашының тарихын, ерекшелігін, ағаштың қасиетін айтып, біраз жайға қаныққандай болдық.



ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН ЕРЕНТОҒАЙ

Деректерге сүйенсек, бұл тоғай неоген кезеңінен сақталып қалған табиғаттың таңғажайып сыйы. Ерен деген атының өзінен ерекше өсімдік екенін аңғаруға болады. Тоғай — Іле өзенінің сол жақ саласы Шарын өзенінің ортаңғы ағысында Сарытоғай елді мекеніне жақын жерде. Жер жанның Жетісу жүрегіндегі жауһардың бірі — осы ерентоғайы. Алайда әлемде екі мемлекетте ғана өсетін аты да, заты ерен — ерентоғайының бүгінгі халі өте мүшкіл. Тоғай түп-тамырымен құрып кетудің алдында тұр. Ол туралы сәл кейінірек айтамыз.

Тарихқа көз жүгіртсек, өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен шөлге айналды. Осының бәрі жерге аса немқұрайды қараудың ашы мысалы.

Шаған ерені ылғалды жерді сүйеді. Зәйтүн тұқымдасының шаған туысына жататын бұл ағаштар өзен арнасына жақын өседі. Шарын шатқалындағы ерентоғайы өскен алқап 5 014 гектар аумақты алып жатыр. Теңіз деңгейінен 650-750 метр биіктіктегі алқапқа тамыр жайған. Ерен ағашы ғылыми тілде «соңғы ерені» (*Fraxinus sogdiana*) деп аталады. Ағаштың діні темірдей, өте қатты әрі салмақты болғандықтан, суға батып кетеді. Оны балтамен ұзыннан шауып сындыру мүмкін емес, тек көлденеңінен аралап кесуге болады. Діні тік өсіп, биіктігі 20-25 метрге дейін жетеді. Тамырлары жердің беткі тұзды қабатынан өтіп 4-5 жылда 1,5 метр тереңдікке дейін тарайтын көрінеді.

Кайнозой заманының үштік кезеңінен бері өсіп келе жатқан көненің көзіндей жалпақ жапырақты ерен ағашы Балқаш-Алакөл су алабына жататын Іле, Жетісу Алатауларындағы, Кетпентаудағы, Талас Алатауындағы (*Дәубаба, Берікқара*), Қаратаудағы және Орталық Азияның Памир-Алтай, Копетдаг тауларындағы өзен аңғарларында жеке-дара әрі сирек өседі.

Өсімі өте баяу. Ұзындығы 2 метр биіктікке жеткеннен кейін өсуі жылдамдап, 30 жылда — 5, 70 жылда — 18, ал 300 жылда 20-25 метрге жетеді. Ең ірі ерен ағашының дініне 7 адамның құшағы әрең жетеді.

Бүгінгі күні сол ерен ағашы қауіпті жағдайда. Бұл мәселені дер кезінде қолға алмаса, тұқымы құрып кетуі мүмкін. Шарын шатқалындағы ерен ағашының азаюына, негізінен, өзендегі су деңгейінің төмендеуі, мал жаю, өрт шалу және бейберекет қырку жағдайлары әсер еткені белгілі.

Алматы облысы бойынша экология департаментінің директоры Қонысбек Байдылов: «Қазіргі кезде ерентоғайының жағдайы экологтарды қатты алаңдатуда. Оған Мойнак СЭС-нің іске қосылуымен Шарын өзені арқылы ағатын су мөлшерінің азаюы, тоғайды суландыру жүйелері мен тармақтарының тозуы себеп болып отыр. Аумақтың экологиялық жағдайына кері әсер етудің нәтижесінде 1,5 гектардан аса ерентоғайы құрап, құрғап, жойылуға айналды», — делі.

(Жалғасы 3-бетте)

ОСЫ ҒОЙ ЕНДІ...

«МҮСӘПІР-МІСКІН» ДЕП ЖҮРСЕК...

Алақан жайғандар арасында туған үйін тастап, уақытша қаражат жию үшін Алматыға арнайы келетіндері бар. Солардың бірі өзін Мінура деп таныстырды. Ұйқысыраған баласын қапсыра құшақтап, мүсәпір кейіпте жүрген келіншектің көзіне қараудың өзі аянышты. Бірақ ауыздағы алтын тістері күн көзімен шағылысып, жанарынды арбай бастағанда оны қайыршы деуге қимай қаласың? Қашықтау жерде тұрса да, кептелістің көлікте отырған маған ол қайта-қайта қарай берді. Мен де үздіге түстім. «Бері кел» дедім колмен ымдап. Жетіп келді. Күнге күйген жүзі көмбештің астын көз алдыма елестетті. Қазақша сайрап тұр...

- Қандай әдемі келіншексің? — дедім.
- Қойыңызшы, қап-қарамын ғой...
- Сен мен үшін аппақсың!
- Ұялтпаныңызшы!
- Жастау болғанымда сені алып қашып кетер едім...
- Менің күйеуім бар.
- Бір жерге барып әңгімелесейік те...
- Сізге ұят келеді, сіз жаксы адамсыз. Менің үстім кір,

— деді.



— Қазақшаны қалай үйрендің?
— Ақша табу үшін бәрін үйренеміз!
Бес минуттық әңгіме барысында ақша үшін Тәжікстаннан келгенін жайып салды. Қайыр сұрау олар үшін ұят емес, күнкөріс саналады. Оқымаған, жастай тұрмысқа шыққан тәжік қыздары есейе келе көше жағалап кетеді екен. Бірақ күйеуінің, не туыстарының бақылауында болады. Жиған қаражатын кешкілік отбасына апарып тапсырады.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Отандық экономикаға жоспарлау қажет пе? Елдің, ауылдың жағдайын білмейтін басшылар көсегемізді көгертіп жүр ме? Біз осындай сұрақтар төңірегінде Экономика институтының жетекші ғылыми қызметкері Нұрсәуле Бірімбетовамен сұхбаттастық.

ҚАРЖЫНЫ ОРЫНСЫЗ ЖҰМСАЙМЫЗ



Jas qazaq: Нұрсәуле Жаһанметқызы, Үкімет отырысында қаралған мәселелерді тыңдаған боларсыз. Қандай ой түйдіңіз?

Нұрсәуле Бірімбетова: Әрине, елімізде өркендеу, жетістіктер бар. Дегенмен кедергілер одан да көп. Ең алдымен нарық экономикасына кірген кезден бастап біз экономикалық жоспарлау дегенді ұмытып кеттік. Тек Елбасының тапсырмасымен жоспарлау мәселесі бертінде қайта қолға алынды. Ал «жоспарлау осы екен» деп ойға келген шаруаны қолға ала беруге тағы болмайды. Мәселен, былтыр индустрияландыру бағдарламасы 35 пайыз ғана қаржыландырылып, нәтижесінде бірқатар стратегиялық максаттарға жету де кейінге қалған. Осының өзі жоспарлау дегеннің атүсті жасалатындығын айқындап берді. Ең бастысы, шенеуніктер тиімділік, қажеттілік, ұқыптылық дегенді ұмыт қалдыра береді. Қаржы беталды жұмсалады.

Jas qazaq: Сонда біз қаражатты неге тиімді жұмсай алмай отырмыз?

Нұрсәуле Бірімбетова: Қаражат жеткілікті. Сол қаражат максатсыз, болашағы жоқ жобалар мен тиімсіз бағдарламаларға да кетіп қалып жатыр. Мысалы, аймақтар қанша қаражатты қайда жұмсағанын есеп комитеті тек жылдың аяғында айтады. Ал қаражат қолдан сусып кеткен соң не пайда? Сондықтан ақшаның тиімді жұмсалыуына қатаң бақылау жасалуы тиіс. Қазынаның әрбір тиынын санау қажет. Әрбір аймақтың басшысынан бастап айналасындағы нөкерлеріне дейін мықты менеджер болуы керек. Бәсекенің көрігін қыздырмайынша, табысқа жете алмаймыз.

Jas qazaq: Мүмкін, шаруаға салақ қарау мемлекеттік қызметкерлер біліктілігінің төмендігінен болар.

Нұрсәуле Бірімбетова: Меніңше, бізде тәжірибелі мамандар аз. Мықтылар негізінен зейнет жасында және сол жасқа жакындап қалды. Ал «Болашақты» бітіргендердің дені асфальтта өскен жастар. Егер сен ауылдың жағдайын, не қажеттігін білмесең, қызметке қалай келесің? Өкінішке қарай, бізде елдің жағдайынан хабарсыз болса да қызметке қызығатындар өте көп. Бәрі өскісі келеді. Сондықтан лауазымды қызметтегі азаматтардың жанында аға буын ғалымдардың кеңесші ретінде жұмыс істегенін күп көреміз. Егер осындай қаламға бармасақ, ауадан сарай тұрғызыла береді.

Jas qazaq: Министрліктердің өзара және олардың аймақтармен байланысы да нашар секілді көрінеді...

Нұрсәуле Бірімбетова: Жоспарлаудың нақтыланбауы мен менеджменттің дұрыс қалыптаспауы бізді тығырыққа тіреп отыр. Әкімдер ауылдардағы жол, жарық, су мәселесін шешумен ғана айналысады. Өз беттерінше батыл шешімдер қабылдай алмайды. Облыс, аудан басшысы ретінде инвесторлар іздеп, жергілікті жұрттың сұранысына сай неге жұмыс істемесе?

Колында билігі бар азаматтар кейбір мәселелерді жөн-жосықсыз жоспарлайды. Кәсіпорындар салтанатты түрде ашылады да, артынша жабылады. Сонда оған құйған миллиардтаған қаражаттың қайтарымы болмаса, неге шығындалады?

Институт мамандары болашақта экономика саласында не істеу қажеттігін жылда дайындап, Үкіметке жолдайды. Алайда ол жакта қандай шешімдер қабылданатыны белгісіз. Алдағы қазан айында Үкімет еліміздегі мемлекеттік жоспарлау кестесін қарағалы отыр. Болашақта экономикалық дамуымыз сол жиында нақтыланады.

Сұхбаттасқан Жолдасбек ДУАНАБАЙ

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

БАРСАҢ БАҚЫР ДА ЖОҚ



Жаяулатып тас жолға дейін бірнеше шақырым жүрдім. Тас жолға жетіп, келік тоқтатып, Алматыға әрең жеттім. Оларға арыз жазайын десем, сол кезде өзімнің де құжатым дұрыс емес еді. Нүкіске қайтарып жібере ме деп қорқып, өшікімге тіс жармадым.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
64,28

DOLLAR
383.98

EURO
430,63

РУБЛЬ
6,11

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Ауадан
айығамын
деп...

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Елордадағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында қордаланып қалған бірқатар мәселелер әңгіме болды. Атап айтқанда, қазынаның қаржысы ірі жобаларға тиімді пайдаланылып жүр ме? Егер орынсыз жұмсалса, бұған кім жауап береді?



Мемлекет басшысы: «Асқар Мәмин басқарып отырған Үкімет алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға қабілетті деп ойлаймын», — дей келе, сын айтуды да ұмытпады.

Ең өзекті мәселенің бірі — үнемі жеткілікті қаржыландырмау. Мәселен, 2018 жылғы индустрияландыру бағдарламасы 35 пайыз ғана қаржыландырылған.

Соның салдарынан стратегиялық мақсаттарға жету де кейінге ысырылады екен. Осыған байланысты Қ.Тоқаев: «Жоспарлау деңгейі төмен екені көрініп тұр. Қаражатпен қамтамасыз ете алмайтын нәрсені жоспарлаудың қажеті не? Сәйкес жобалар мен бағдарламалардың тиісінше қаржылануын қадағалау керек. Шынайы сараптама негізінде мәселені шешудің тиімдірек жолдары ұсынылуы керек. Индустрияландырудың үшінші бесжылдығына ауыспай тұрып, бұл менің Үкіметке тапсырмам, барынша байыпты, шыншыл көзбен қараған жөн. Ауадан сарай тұрғызғанды қою керек», — деді.

Президенттің пікірінше, әлем және онымен бірге біздің қоғам өзгергенін түсінуі керек. Бұрынғы қадамдар, инструментарилер қарқынды түрде тиімділігін жоғалтуда. Реформалар қажет және ескі проблемаларға жана шешімдер жасау қажет. Сондықтан мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу тапсырылды.

45 ЖАСТАН KEЙІН ҚАЙДАҒЫ ОҚУ?

Сонымен қатар «Болашақ» бағдарламасына қатысу талаптары өзгертіледі. Бұл төңіректе де қордаланған мәселе бар. Айталық білім және ғылым, ұлттық экономика министрліктерінде вице-министрлер

болды. Тіпті теріс пиғылды әрекеттер тұтас елге тарады. Өтірік ажырасу, жұмыстан шығу, өз мүлкін басқаға жазу арқылы табысын азайтып көрсету, малын сойып тастау. Жобаны тиімсіз жүзеге асыру халықтың кей бөлігінің масылдық күйге түсуіне әкеп соққан. Мұны Президент: «Бұл — біздің шала жұмысымыз», — деп бағалады.

АУАДАН САРАЙ ТҰРҒЫЗБАЙЫҚ!

КНЯЗЬДЫҚ КӨРІНІСТЕР БАЙҚАЛАДЫ

Шын мұқтаждарға ғана көмектесу үшін үкіметтің нақты әрі ашық процедуралар орнатуы қажеттігі ашық айтылды. Түйінді тағы бір мәселе — инвестиция тарту. «Кейбір кезде теледидардан сіздердің кәсіпкерлер делегациясын, инвесторларды қалай қабылдайтындықтарыңызды көремін. Бұндай шаралар ешқайда жарамайды, өздеріңіз үстелдің басына жайғасып, олардан 3-4 метр алшақ отырғызасыздар. Өздеріңізді қандай да бір князьдықтың басшысы ретінде көрсетесіздер. Бұл ретте инвестицияны тартуға сіздер емес, олар мүдделі болғандай байқалады», — деген ол әкімдердің осы іспеттес іс-қимылдары телеарналар арқылы көзге ерсі көрінетінін атап өтті.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Аптаның айтары

Олжас БЕКТЕНОВ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары:

«Соңғы 3,5 жылда жол салу саласында 100-ге жуық жемқорлық деректің жолы кесілді. Автокөлік жолдарындағы түтіккілдік ауыртпалығын халық тартады. Өкінішке қарай, 2018 жылдың қорытындысы бойынша біздің еліміз жол сапасы жөнінен 140 елдің арасында 106-орында тұрмыз. Жол сапасының нашар болуына сыбайлас жемқорлық себеп. Жол салудан ақша жеу деректері негізінен парақорлық, келісімшартқа қол қою, заңсыз кәсіпкерлікке жол беру, әкімшілік шаралар қабылдамау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу барысында бюджет қаржысын жымқырумен байланысты болып отыр».

сауалы

Жаз басталмай жатып суға кететіндердің қатары көбейеді. Ал ішілңір ішілдеде қайғылы оқиғалардың саны артады. Мұны болдырмаудың жолдары неге қарастырылмайды?

жауабы

Владимир БЕККЕР, төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы:

— Жыл басынан бері елімізде 237 адам суға кетті. Олардың көпшілігі суға шомылу ережесін сақтамағандықтан қоза болады. Бытыр жалты және орта білім беру бағдарламасына дене шынықтыру пәні бойынша жүзуді үйрену міндетті пән ретінде енгізілген. Еліміз бойынша қанша адам жүзуді біледі, қаншасы білмейді. Бізде нақты статистика жоқ. Суға кетудің бірден-бір себебі қауіптен сақтанбау. Өз күшіне сеніп ағысқа қарсы жүзу. Шыны керек, суға ішімдік ішіп алып, өзін батыр сезініп түсетіндері де бар. Сондықтан адамдардан суға шомылудың қарапайым ережесін сақтауын өтінеміз.



КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің ережесін және құрамын бекіту туралы қаулыға қол қойды.

Кенес қызметінің негізгі мақсаты — ел өміріндегі өзекті мәселелерді жұртшылықтың, саяси партиялардың, азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен талқылау. Кенес құрамында қоғам қайраткері, саясаттанушы Данияр Әшімбаев, «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Төлеутай Рақымбеков, «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры, Рахым Ошақбаев, Қазақстан Кинематографистер одағының төрағасы, режиссер Ермек Тұрсынов, «Қазақстан Барысы» даму қоры камкоршылар кеңесінің төрағасы Арман Шораев сияқты депутаттар мен жанашыр азаматтар да, саясаттанушылар мен қоғам қайраткерлері бар.

Әлеумет.т⁰



ТОЙҒА ТІКҰШАҚПЕН БАРЫП ЕДІ

Мақтаншақтықтан алдымызға жан салмай тұрмыз. Арыға бармай-ақ қояйық. Күні кеше ғана Жамбыл облысының Шу ауданында жас жұбайлар тойхана алдына көліктен емес, көктен түсті. Қалай дейсіз бе? Еріккен жастар мейрамхананың алдына тікұшақпен қонып, аядай Шудың атын шығарды. Жаксы атын емес, әрине. Қазақ әдебиетінің қарымды қаламгері Спандияр Көбеевтің «Қалын мал» романындағы саудагер айтпақшы, «Жыртыл казак, жыртылдың» кебі.

Естеріңізде болса, дәл осындай той былтыр Шымкентте де болған. Той иелері әлдебір мұнай компаниясының жекеменшік қызметке берілген тікұшағын 550 мың теңгеге жалдап алып, аямай қыдырыпты. Той кортежімен бірге ұшқан ұшақтың дақпырты әлемжеліде біраз күн дүрілдеді. Жұрт тойып секірген қуаныш иелерін сынап-мінеді. «Мақтанудың жөні осы екен деп, тойға ұшақ мінгені несі?!» дегендердің қыжылын түсіну қиын емес.

Бұл оқиға қоғамда едәуір дүмпу тудырғанымен, жекеменшік қызметке берілген тікұшақ болғандықтан ғана, оған арнайы шара қолданылмаған. Ал Шуды шулатқан дарақылыққа қатаң сөгіс, арнайы жаза қолданылыпты! Азаматтық авиация комитеті мейрамхана алдына дейін жас жұбайларды тікұшақпен алып келген ұшқышты жұмысынан босатқан. Комитет таратқан хабарламада «Бірқатар отандық БАҚ-та видео жарияланды. Онда Falcon Avia ЖШС-ға тиесілі тікұшақты қондыру сәті көрсетілген. Инвестициялар және даму министрінің бұйрығымен бекітілген азаматтық авиация саласында ұшуды жүргізу ережесі сақталмаған», — делінген.

Қала ішінде қонуға рұқсат берген әуе кемесінің капитаны А.Матвиенко бұдан былай ұшақ тізгініне отыра алмайды. Ол аздай, Falcon Avia-ны тексеру үшін инспекциялық комиссия жіберілген. «Тілеп алған ауруға дауа жоқ» деген осы.

Қазіргі ең үлкен бәсеке — той болып тұр. Басқаға шашылмаса да, тойдан барын аямайтын қазекем Америкадан әнші, Ресейден асаба шақырып шашылып жатыр. Оған кеткен ақша мен ысырап болған аста есеп жоқ. Обал-сауапқа қараған бір пендені көрмейсіз. Көрпесіне қарап көсілген адамды да байқамадық. Қалтасы қалыңдар шашылып, ақшасы жоқтар кредит алып, той жасайтын дарақы «дәстүр» енді салтымызға.

Аспаннан ақша жаудырып, жас жұбайларды тікұшақпен көкке көтеріп, шетел асып жасаған тойдың бәрі баянды, ғашықтар бақытты болса, қані! Тіпті кеткен ақша, төгілген терді де ұмытасын. Алайда бүгін жұртты шулатып той жасап, ертең ажырасып жатқандарды көргенде, ішін ашымай көрсін! Ондай мысал жеткілікті. Мәселен, ресми санақ бойынша 2018 жылы 16 800 жас некеге тұрып, оның 7 мыңы ажырасып кетіпті. Ал 2017 жылы 17 200 ғашық ұлан-асыр той жасап, оның 6800-і некесін бұзған. Тең жартысы демей-ақ қояйық. Бірақ баянсыз некенің салмағы ауыр соғып тұрғаны анық.

Біздің айтпағымыз бұл емес. Әңгіме басында жұртта жөк шоу жасап той жасайтын дарақылық туралы сөз қозғадық. Түйін сөзге де сол мақтаншақтық туралы нүкте қойғанымыз дұрыс болар. Той жасап, қуаныш көргенге не жетсін! Бірақ тойдың жөні осы екен деп көкке ұшпай-ақ қояйықшы!

Жарас КЕМЕЛЖАН



ДУАДАН АЙЫҒАМЫН ДЕП...



Павлодарлық 89 жастағы зейнеткер дуадан айықтырамын деген балгерге оңбай алданғанын кейін болды. Қария өзін мазалаған аурудың өсерін тиген дуа деп ойлап, емделудің жолын іздепті, – деп хабарлады Павлодар облыстық полиция департаменті.

Зейнеткер емші туралы мәліметті телевизордағы жарнамалан алып, іле-шала қонырау шалған. Қартты мазалаған ауруды емдеп беремін деген емші оны үйіне шақырады. Көрсетілген мекенжайға жеткен атаны Галина және Мария есімді әйелдер күтіп алып, өздері көмектесіп, ауруынан айықтырдық деп, біраз адамның суретін көрсетіп мақтанады. Қарияның әңгімесін естіген әйелдер, оған көмектесу үшін сұйық сабын, тұз және комақты ақша керек екенін айтады. Ертесіне қария аталған заттармен бірге 848 мың теңгені балгерге ұстады. Балгер белгісіз бірденелерді оқып, қарияны дуадан айықтыңыз деп шығарып салады. Алайда ешқандай оң өзгерісті байқамаған қария, алданғанын біліп, полицияға шағым түсіреді.

Осы ғой енді...

Лолалар негізінен Қазақстан, Кыргызстан, Өзбекстан және Түрікменстанды мекендейді. Қайыр сұрап-ак тұрмысын түзеп алатын келіншектер бала сүйгісі келмесе де, күйеулерінің айтқанынан шықпайды. Баласы жаска жетпей қайтадан жүкті болу әдетке айналған. Нәресте сую олардын қайыр сұрауына септігін тигізеді.

Қайыршының сан түрі бар. Ұлты басқа болғанмен, ұлы кәсіптері бір. Араларында ағайындарымыз да қылаң беріп қалады. Тал түсте дүкеннен шыққанмын. Көлігіме қарай беттеп бара жатсам, соқталдай қазақ жігіт алақан жайып алдымнан шыға келді. Араққа сылқия тойып алған. Шайқалып тұр. Өмірге риза. «Дүкеннен шыққан еріңіз, маған қайыр беріңіз. Қайтарамын өлмесем, маған

кемтарлар емес, сау аламдар көп секілді. Олар ұятты жиып қойған. Маңдайы терлеп, адал еңбек етуге ықыласы жоқ. Күнкөрістің жеңіл жолын таңдаған. Ауадан ақша жасағысы келеді. Ашығын айтсақ, бұл біздің дінімізге де жат нәрсе. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сіздерден біреулеріңіз қолына арқан алып, бір арқа отын әкеліп сатуы және Алла тағаланың ол құлына деген құрмет етуі, әлбетте, қайыршылықтан әлдеқайда жақсы», — деп жат әдеттен қашық болуға шақырыпты. Бір күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) біреу келіп садақа сұрайды. Пайғамбар сұрағанын береді. Кейінірек тағы сұрайды. Сұрағанын тағы береді. Әлгі кісілер үшінші мәрте келіп тағы да садақа сұрайды. Бұл жолы Алла елшісінің садақа беретіндей қолында ешнәрсесі қалмаған екен. Пайғамбарымыз оларға қарап: «Садақа малынан қолымдағы барымды өздеріне үлестіріп бердім. Басқаларға беру үшін

KÖKEIKESTI

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Өз ойым

Соңғы жылдары қылмыс істеп немесе пара алып істі болған, тіпті мемлекетке сатқындық жасаған

адамға да жанашырлық танытатындар пайда болыпты. Қызық, ө! Мәселен, қайсы күні білім және ғылым министрінің бұрынғы орынбасары Эльмира Суханбердиева сот залынан 6 миллион теңге айыппұлмен босап шыққанда жаны ашып, жүрегі ауырғандар болды. Тіпті олар әлеуметтік желіде бұрынғы шенеунікті қолдап, пост та жазды. Егер айыпталушы адам шынымен нақақ күйген болса, кінәсіздігі ескерілмей қисынсыз жаза кесілген болса, өңгіме басқа. Ал сот оны кінәлі деп танып, тиісті жаза бұйырған адамды нақақ жаза шеккен сияқты етіп көрсету қаншалықты қисынды.

Әлгіндей посттың бірі былай басталады. «34-36 күнде жана кітап жазып шығу үшін адам қатты қиыншылықты бастан өткізген болар. Түрменің қайсысы болса да оңай емес... Эльмира ханыммен қанша рет сапарлас болдым, сұхбат алдым, іс-шараларда жиі көрісетінбіз. Анқылдақ, тұзу, ашық, бетке айтатын мінезі бар. Саясат пен қызметін қозғамаймын, әйел, ана ретінде қолдағым келеді», — деп жазған.

Автордың атын атап, түсін тектемей-ақ қоялық. Жалпы, мемлекет заңына томпақ



іс жасап, қазынаның қаржысына қол салғандардың сойылын соғып, қызғыштай қорғайтын осындай «қамқоршылар» көбейіп барады. Мұны неге айттып отырмыз? Сот «айыпты» деп таныған, кінәсі анықталған адамға жанашырлық білдірген әлеуметтік желідегі осындай бөгде танымды пікірлерді оқыған кейбір жастар кімге сенерін білмей дал болып жатады. Оң-солын танымаған балғынның бірі: «Сонда кімге сенеміз? Соттар неге дұрыс жұмыс істемейді? Мемлекеттің ақшасын алмаған болса, оны неге соттап жатыр? Осыны көріп-біліп үндемей отырған бұл қандай мемлекет?», — деп пікір қалдырыпты.

Міне, болашағы бүгін қалыптасып жатқан жас өренді бз осындай сенімсіздікпен тәрбиелеп жатырмыз. Ұялы телефонмен өмір сүретін жастар үшін дәл қазіргі уақытта әлеуметтік желідегі бір ауыз сөздің өзі бір дәуірдің бұлжымас шындығы сияқты.

Жұрт алдында жүрген, жүзі телеарналар арқылы жалпыға таныс адам не жазса, жастар соған сенеді. Жастар емес, жасамысымыз да солай. Ол —зандылық. Оның жазғаны өскелен ұрпаққа ақиқаттың айнасынан бір мысал кем емес. Сонда біз мемлекет мүлкіне шығын келтірген немесе қылмыс жасаған адамды қорғау арқылы өзімізді ғана емес, бүкіл қоғамды алдап отырған жоқпыз ба? Осыдан кейін сіздің «жанашырлықпен» жазған өтірігіңізді оқыған адам мемлекетке өкпелеп, қоғамға қыжылмен қарамай ма?! Жастар, тіпті шындық пен өтірікті ажыратудан қалып, мемлекетке сенімсіздікпен қарамай ма?! Әдетте «мемлекетшіл тұлға жоқ» деп жатамыз. Сол мемлекетшіл тұлғаныз бала күнінде ойын осындай өтірікпен улап алғандар.

Олар аз емес. Олар деп отырғаны — қылмыскерді қорғайтындар мен солардың жанашырлары. Бұл сан нені білдіреді? «Нақақ сотталдым» деп шырылдап, өзін бүгінгі күннің батыры етіп көрсететіндердің шынайы бет-бейнесінің астарында әлдебір жұмбақ-сыр жатқанынан хабар береді. Өйткені қылмыс жасаған айыпты адамды қорғау — ұрлығын жасырған пенденің ісіне келеді. Соны ұмытпайық!

Жарас ШӨКЕ



ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

Елімізде қайыршылардың қатары азайғанмен, оларға түпкілікті тыйым сала алмай отырмыз. Осыған дейін «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» заңның 449-бабы бойынша мұндайларға жаза қарастырылған еді. Бірінші рет шағым түссе, олар 5 айлық есептік көрсеткіш, яғни 9260 теңге айыппұл төлеуі тиіс. Екінші рет қайталаса, әкімшілік қамауға алынады. Сырттан келгендер бес тәуліктен соң еліне жіберіледі. Алайда көрші елдерден келгендердің үлесі 80 пайызға жетіп, көше кезбелерінің қатары азаймай тұр.

100 пайыз сеніңіз» деп қояды әндетіп. Тенселген тентекке күлкім келді. Көлікке мініп жатсам: «Әдемі көлік мінгеніңмен мен сияқты пақырларға бір тиын қимай тұрсын. Құдай төбеннен ұрсын», — деді. Осындайда ойға оралатын жағдай — Құдай кімді ұратындығында. Кемтарлығы көзге ұрып тұрмаса, қол-аяғы сау адамға салақа беруге бола ма? «Қарғысын қара басына көрінсін!» дедім. Аппап ыстықта тағы да ішуді ойлап тұрған адамға басқа не дейсін? Айтпақшы, жақында тағы бір қазақтың жігіті алдымыздан шыққан. Сап-сау, үстіндегі киімі де таза. Қысқасы, қайыр сұрайтын қазақ емес. «Шымкенттің Сарыағашынан келіп едім. Сөмкемді ұрлатып, ауылға қайтатын ақшамнан айырылып қалдым», — деді күмілжіп. Күдіктеніп тұрсам да, жанашырлықпен екі мың теңге ұсындым. Ол кетіп қалған соң, сол маңда жұмыс істейтін әйел келіп: «оған бекер ақша бердіңіз. Күнде осы маңда қайыр сұрап жүреді. Сарыағашқа кетіп болмады, не қалып болмады», — деді күйіп-пісіп. Осындай оқиғалардан соң көзімнің жеткен жері, қайыр сұрайтындар қатарында

сіздерден қиып, ешнәрсесі алып қалғаным жоқ. Кімде-кім қайыршы болудан сактанса, Алла тағала ол кісіні тап-таза жан етеді. Дәл осылай адамдарға мұқтаж болмау үшін қол жаймауды қаласа, Алла тағала ол кісіге байлықты нәсіп етеді», — деген екен. Дінтанушы Қайырбек Отызбаев бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында: «Дініміз адал жолмен кәсіп ете отырып, отбасын қамтамасыз етуге шақырады. Оны ғибадаттардың бір түріне жатқызады. Яғни ұрлық-қарлық жасау қандай күнәлі іс болса, маңдай термен нан табу да сондай сауапты амал болып табылады. Ең алдымен отбасынды

көше кезіп жүргендер өз өмірін ойыншыққа айналдырып жіберген. Көлік апатына ұшырау өп-сәтте екендігін ұмытқандар ақша үшін азыннан кешке дейін көше кезеді. Әрине, анда-санда қол полициясы ұстап әкететіні бар. Полиция департаментіне жеткізілгендер қаншалықты жаза арқалайтынын білмедік. Ертересіне-ақ көшеден көрсеніз, таңғалмаңыз.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Табиғат

(Басы 1-бетте)



Тоғайдың қордаланған мәселесін шешу үшін облыстық экология департаменті дабыл қакты. Қ.Байеділов: «Ұйғыр ауданы әкімдігі мен мемлекеттік арнайы мекемелер арасындағы өзара түсініспеушілік пен мәселеге салғырт қарағандықтан, табиғат сыйға тартқан тал-дарактың жойылып кетуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Аталған

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

«Төкір ақсақал төмендегідей екі қызық нәрсені айтты. Оның біріншісі, 30-жылдары осы Сарытоғайдың шетіндегі Тастықара ауылында пилорама ортелінің құрылғандығы. Онда ерен ағашынан тақтай тілініп, ол іле өзеніндегі баржамен Қапшағай тұсындағы Түркісіб теміржолының разъездеріне әкетілетін болған. Темірге қарағанда жеңіл, бірақ беріктігі сол тектес металдарға пара-пар ереннен алынған жоғарыдағы жұқа фанер тақтайшалар жиегі алюминиймен құрсауланып, аэропланның корпусын жасауға пайдаланылған екен. Екіншісі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жағдай. Сол кездері Сарытоғайға еңбек армиясының бригадасы әкелініп, олар мұнда екі жылдай болыпты. Істеген жұмыстары — уәсаске басшылары таңдап, рұқсат еткен ерен ағашын кесіп, белгіленген қалып, форма бойынша Тула мен Ижевскіге жіберу. Сөйтсе, шытынап сынбайты, опырылып кетпейтін одан винтовка мен автоматтың дүмі жасалған екен ғой».

Жанболат Аұлбаевтың «Ерен» естелігінен үзінді

түйткіл шілде айының 19 жұлдызына жоспарланған Балқаш — Алакөл бассейндік кеңесінің негізгі тақырыбына айналмақ. Мұндай жағдай облыстық экология департаментінің жіті бақылауында. Сондықтан, бұл мәселе алдағы уақытта он шешімін табады деген сенімдеміз», — деп сөзін түйінделді. Ата-бабаларымыз көзінің қарашығындай қорғап, бізге аманаттап кеткен туған жердің табиғатын сақтау, бүлдірмей қорғау — бүгінгі ұрпақтың борышы. Жасыратыны жоқ, табиғат байлығы жоқ кейбір елдер қолдан жасаған жасанды көркемдіктері арқылы мол пайдаға кенеліп отыр. Біз бай да бағалы табиғи байлығымыз болса да дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Тіпті оны қорғап, сақтауға да қауқарсызбыз.

Кажет АНДАС, Алматы облысы

Қазақы REALISM

АЛАКӨЛДІҢ ЖОЛДАРЫ АЛА-ҚҰЛА





Отандық өндіріс

Бұдан былай отандық ақ қағазды пайдаланасыз. Сөзіміз әйексіз болмас үшін айта көтейік.

Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Қанат Байытов Елордада өткен «Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі мен қаптама индустриясын дамыту» форумында елімізде қарасора шаруашылығын және одан қағаз шығару ісін 2016 жылдан бері жүргізіп келе жатқанын хабарлады.

Кәдімгі қарасора. Орыстар «конопля», ағылшындар «каннабис» атап кеткен қарасора десе, бірден есірік күйге түсіретін есірткі есімізге түседі. Екі ұдай ойда қалдық. Сонымен, күнгейде қарасорадан қандай қағаз өндірілмек? Зерттеп көрдік.

Шу алқабындағы жабайы қарасорадан дәрі жасап, қатерлі ісік ауруларын, семіздік пен қан қысымын емдеуге болатынын жиі айтып жүр. Тіпті 2004 жылдары Қазақстан-



келеді. Әзірге жан-жақты зерттеліп, тәжірибе жүргізіліп жатыр. Қағаз жасауға шикізат пен целлюлоза жетпегеннен кейін оны кәсіпкерлер сырттан тасуға мәжбүр.

Мамандардың сөзінен ұқнамыз, қарасораны кәдеге асыратын болсақ, ол барлық салаға керек өнім. Құрылыс дейсіз бе, ағаш және жеңіл тоқыма өнеркәсібінің де өркендеуіне қарасора жарап-ақ тұр. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында орын тепкен «Kagaz Shahary SEZ» серіктестігінің қарамағынан ашылған «Kaz Hemp» компаниясы директорының орынбасары Бауыржан Манатов жұмыстың қалай басталғанын еске алды.

Ол «Kaz Hemp» зауытын бастан-аяқ өзіміз құрастырдық. Идеяның шығу тегі — А4 қағаз. Әлемде қағаз шығаратын төрт мемлекет бар. Ресей мен Финляндия — ағаштан, Қытай мен Тайланд — бамбуктен қағаз шығарады. Бұл елдер бірігіп, альянс құрып, басқа мемлекеттерге қымбат бағала сатып, орталағы біз секілді дәнекер зауыттардың жұмысын тоқтатуды көздеді. Ақыры мақсатына жетті. Бізге баламалы шикізат қажет болды. Сосын өзіміз қамысты, одан кейін сабанлы зерттеп, қағаз шығардық», — дейді.

Максим, Бауыржан сияқты қарасораның кәнігі мамандары кәдімгі жоңышканы қағаз шығару

жігіттер айтуын айтып жатыр-ау, естір құлақ болса...

Максим Скрынник: «Біз қарасораның өзегін өңдеуде бірнеше қызықты бағыт барын анықтадық. Стандарттық бағыт — сіңіруші зат ретінде пайдалану. Дәлірек айтсақ, ауыл шаруашылығында пайдалануға болады. Әдетте оны фермаларда малға төсеніш ретінде пайдаланады. Екінші бағыт — мұнай өндірісі. Өзегін ұнтақтап, оны мұнайдың қоршаған ортаны ластауына қарсы қолдануға болады. Ал үшінші бағытты — біз Жапониядан көрдік. Ол — қарасораның өзегінен жақсы целлюлоза алып, қағаз-картон жасау», — дейді.

Егер ағаш 20-25 жылда өссе, қарасора 100 күнде өсіп шығады. Құрамында есірткісі жоқ қарасорадан өндіріске қажетті 25 мың түрлі зат алуға болады. Яғни қай жағынан да ұтымалсыз. Дәрі-дәрмек шығаруға да пайдалануға болады. Құрылыс материалдарының 100 пайыз барлық түрін шығаруға болады. Құрылыс материалы демекші, қарасорадан жасалған кож-блоктан (шлако-блок) суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтынын, не сынбайтынын өз көзімізбен көргенде, аузымызды ашып, көзімізді жұмғанымызды жасырмаймыз. Ал қаладағы қоңыр түсті коқыс жәшіктері мен орындықтардың да дәл осы қарасорадан жасалғанын бұрын білмейтінбіз.

Қарасораның майын емдік мақсатта пайдалануға болады. Оның майынан жасалған тағамды ішкеннен кейін бірде-бір синтетикалық мақсаттағы дәрі-дәрмекті қолданудың қажеті болмайды. Адамның иммунитеті көтеріледі. Одан шығатын косметикалық өнім адам денесіндегі дерматологиялық ауруларын толық жазады әрі жасартады. Яғни жасару жасушаларын дамытады. Максим Скрынниктің командасының зерттеуі бойынша, бір әйел өз сұлулығына орта есеппен 40 мың теңге жұмсайды. Аптасына 40 мың теңгеден

ҚАРАСОРАНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТСАҚ... қағаз өзімізде шығар еді

ШУДЫҢ ШӨБІ ШҮЙГІН

Шынтуайтында, ол есірткі емес. Қарасора өсімдігін Ресей, Өзбекстан елдері медициналық шикізат ретінде заңдастыруды қарастырып жатқанға ұқсайды. Қарасора 1961 жылдан бастап есірткі санатына жатқызылуына байланысты қолданыстан мүлде алынып тасталған. Бұл өсімдікті техникалық және медициналық тұрғыда пайдалану тәжірибесі баяғыдан бар. Техникалық қарасораны өсіру шаруашылығын қайта көтеру туралы мәселе Ресейде өте өзекті. Себебі онда қарасора өндіретін 3 бірдей зауыт бар. Бұдан бұрын Ресейде құрылған тәуелсіз комиссия бұл өсімдіктің адам ағзасына келтіретін зиянды әсерін жан-жақты тексере келе, оны медициналық мақсатта қолдануға болады деген ұйғарымға келген.

Ал елімізде қарасораны кәдеге жарату ісі әлі күнге жолға қойылмай отыр. Мамандар

Германия біріккен кәсіпорны құрылып, Шу алқабындағы қарасорадан мата, автомобиль өндірісіне қажетті материал шығаруды қолға алған. Бірақ басталған іс соңына жетпей тұралапты. Парламентте де бұл мәселе дүркін-дүркін көтеріліп жүр. Вице-премьер болып тұрған кезінде Дариға Назарбаева Астанада өткен кезекті үкімет отырысында қарасораны өнеркәсіпте өңдеу ісін дамытуды ұсынған еді.

Премьер-Министр сайты келтірген Д.Назарбаеваның сөзінде «Қазақстан өзі қағаз шығармайды. Бізде барлығы импортталады. Бұл өнімнің өзіндік құнына әсер етеді. Қазақстандық қағаз өндіруді қолға алу, әсіресе басылымдар үшін өте өзекті» делінген.

Сенат спикері ол кезде қарасораны өңдеуді бірінші рет көтерген жоқ. 2014 жылы қантарда Мәжіліс депутаты болып тұрғанында Шу алқабындағы жабайы қарасора плантацияларын дәрі-дәрмек жасау үшін ірі фармацевтикалық компанияларға беру туралы ұсыныс айтқан-ды. Ол кезде Д.Назарбаева қарасораны өңдейтін зауыттар дәрі-дәрмек шығарып қана қоймай, жана жұмыс орындарын ашып, бюджетке салық төлейтінін айтқан.


Сол үндеуден кейін тәуелсіз еліміздің тарихында бірінші рет Алматы және Түркістан облыстарының ауыл шаруашылығының 40 гектар шұрайлы жеріне қарасора егілді. «Кім екті?» деген сұраққа келсек, «Kagaz Shahary SEZ» серіктестігінің директоры Максим Скрынник. Ол «Өндірістік тәжірибе негізінде Ақмола және Қарағанды облыстарында да қарасора егу жоспарымыз бар. Техникалық қарасораның құрамында ешқандай психотроптық зат жоқ. Біз оны ғылыми тұрғыдан дәлелдедік. Онымен ауыл шаруашылық өндірісін арзан әрі сапалы шикізатпен қамтамасыз етуге болады», — дейді.

Елімізде өндірістік қарасорадан қағаз шығару мәселесі көптен бері айтылып

кәдесіне жаратпақ болған. Одан да түк шықпайды. Өзбекстан астанасы Ташкенттен кеңдір әкеледі. Өкінішке қарай, кеңірден де қағаз шықпайды. Сосын күндердің-күнінде «Доллар қарасорадан жасалады» деген сөзді құлағы шалады. Онда қағазды да қарасорадан жасауға болады — деп, оның жасалу технологиясын іздестіреді. Таба алмайды. Зертханаларда өртүрлі тәжірибе жүргізеді. Көптеген тәжірибе жұмыстарының нәтижесінде Жапонияның Орталық зертханасында тұңғыш рет қарасорадан қағаз өндіруге болатынын дәлелдейді. Тәжірибе неге Жапонияда жасалды? Өйткені жапондықтардың зертханасы дүниежүзі бойынша мойындалады. Әрі жапондықтар қазақстандық креативті кәсіпкерлерге зауыт салып беруге дайын. Бірақ ол үшін қаржы құятын инвестор керек.

ИНВЕТОР БОЛСА, ИГЕЛІ ТҮР

Осы жерде инвестор мәселесін сәл кідірте тұрайық. Сонымен, бұл қарасорадан ақшадан бастап дәретхана қағазына дейін шығаруға болады. Көк қағаз да осы өсімдіктен жасалады. Дүниежүзінде баламасы жоқ байлық. Бауыржан Манатов: «Тенгені де осы қарасорадан жасайық. Сонда құны доллармен теңеседі деген ұсыныс жасалдық», — дейді. Ақша деген — тауар. Кез келген тауардың құны шикізатының шығыны мен сапасына қарай есептеледі. Қарасорадан жасалған қағаз мықты, құны жоғары, доллармен теңеседі. Кәсіпкер



жұмсаса, ол өте көп қаржы. Бірақ одан нәтиже көріп жатқан адам аз. Ал қарасора теріні емдейді. Яғни 70 пайызға ақша үнемделеді әрі адам жасарады.

Қарасораның қолданылатын аясы өте кең. Тек қолдау жетіспейді. Шымкентте қарасорадан қағаз өндіру үшін шикізат дайын, зауыт та бар, дайындалу технологиясы да өзір. Сөз соңында Бауыржан: «Бес жылдан бері кейбір жағдайларға байланысты келе жатқан инвесторымыздың жолын кесіп тастайды. Егер дәл осылай жалғаса берсе, біз шетелге кетеміз деп ойлаймын», — деді. Ойлантарлық мәселе. Барды бар деп бағаламасақ, болашағымызды қалай жасаймыз?!

Мәдлір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент

Күре жол

Кейінгі жылдары Алматы облысы аумағында күре жолдарды жөндеу жоғары деңгейде қолға алынды. Айталық, Алматы-Талдықорған аралығындағы жол жұрттың жүгін жеңілдеткені белгілі. Бұрындары көлік 4-5 сағатта қиналып жүріп жететін аралық бүгінде 2-3 сағаттық жол боп қалды. Тақтайдай тегіс жол жүргізушіні де, жолушыны да шаршатпайды. Тек Талдықорғаннан Өскемен қаласына жол жүрген жұрт қана жетер жеріне жеткенше уайымы басылмайтын. Енді оның бәрі де артта қалатын болды.

Биыл республикалық маңызы бар «Талдықорған — Қалбатау — Өскемен» автожолының 287-1073 шақырым аралығындағы жол жөндеу жұмысы ресми түрде басталды. Мұның 313,5 шақырымы Жетісу өңірінің еншісінде. Ол Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының шекарасын басып өтеді. Осы аралықтағы жолдың 31,5 шақырымы — төрт, 282 шақырымы екі жолақты болады. Сондай-ақ екінші деңгейдегі 2 жол айрығы, 21 көпір және 404 су құбыры салынады. «Қаздорпроект» ЖШС жобалаған жол салу құрылысын жүзеге асыруды «СITIC Construction Co, LTD» ЖШС жауапкершілігіне алса, «ГК Инжиниринг» ЖШС техникалық қадағалауға жауап береді.

Аталған компания бүгінде жол салуға қауырт кірісіп кетті. Талдықорғаннан шыға берістен бастап жер қазып, шағыл тас тасып, құрылысқа қажетті басқа да материалдарды жеткізіп, сабылысып жүрген техниканы көзің шалады. Дала төсі қызу еңбекке толы. Бір жерде көпір салынып жатса, екіншісі, дөң қазып төмендетіп, тағы біреулері төгілген құм-тастарды тегістеп жүр. Таң атқаннан кеш түскенше тынымсыз жүргізілетін жұмыс қарқыны ерекше.

Бұл жолы Талдықорған қаласы мен Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров ауылына дейінгі жерді аралап шықтық. Жобалау құжаттарына сай Талдықорған — Өскемен күре жолының 316, 362, 473, 532, 584 шақырымына 5 құрылыс алаңы орналасты. Ол аумақтарда қаз-қатар үй салынып, жол құрылысына қажетті техникалар мен материал дайындайтын зауыттар орналасқан. Сонымен қатар жұмыстың ырағын бақылау үшін Үшарал қаласының бұрылысында «Рубеж» бекеті, Қабанбай ауылының маңынан жол пайдалану пункті, Жансүгіров ауылы мен Үшарал қаласының маңынан жол пайдалану басқармасы орналасқан.



«Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының желісін дамыту халықтың ұтқырлығы мен материалдық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, көлік шығыстарын және тасымалдау уақытының шығынын төмендету есебінен ауыл экономикасының өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын дамыту және олардың техникалық жағдайын нормативтік талаптарға сәйкес келетін деңгейге жеткізу мақсатында тиісті жұмыс түрлері іске асырылатын болады».

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын)

ЖОЛ БОЙЫНДА ҚЫЗУ ЕҢБЕК

Жұмыс кестесін одан әрі жеделдету үшін жергілікті тұрғындарды жұмысқа тарту мен еңбеккері төлеудің маңызын да ескеру шарт. Сондай-ақ сапа мәселесі негізгі басымдықта болуға тиіс.

Сағабұйен учаскесінің басшысы Қайрат Тұрғанбаев: «Жолдың салынуы ауыл тұрғындарына көп көмек болды. Жобаның мердігері инвесторлар болғанымен, жол құрылысына тартылған жұмысшылар — жергілікті тұрғындар. Бұл жобаны мердігер компания жобалағандықтан, жол сапасын қалағалап, жұмыстың нәтижелі болуына өздері жауап береді. Сондықтан, негізгі мамандар ғана мердігер компания тарапынан тағайындалады», — дейді.

Біз жол бойы пікірлескен учаскедегі жұмысшылардың бәрі жергілікті тұрғындар болып шықты. Олардың жалақысы да жаман емес. Жоғары жалақы төлейтін жұмыс тапқандарына риза. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, жол салынып біткеннен кейін де оны күтіп, баптау, тағы да басқа жөндеу жұмыстарына осы азаматтар тартылады.

Қазір қызу еңбек Талдықорғаннан шыға беріс пен Талдықорған — Қызылжол қиылысында, Қазылағаш пен Сағабұйен ауылының аралығындағы аумақта қарқын алған. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, олар күзге дейін жұмыстың басым бөлігін бітіруді жоспарлап отыр. Талдықорғаннан Өскеменге дейінгі жол бойында да қарбалас жұмыс.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Ұлт саулығы

Елімізде демографиялық жағдайдың жақсаруы, сонымен

бірге көші-қонмен байланысты Алматы қаласында балалар көбейіп келеді. Алайда олардың арасында туа біткен даму кемістіктері, сирек аурулар, соның ішінде бас миы қан тамырларының артериалды аневризмдері, гидроцефалия, балалардың сал ауруы (ДЦП), бас миының сарысулы ісігі, түрлі ісіктер, онко-гематологиялық және кардиоревматологиялық аурулардың өсуі де байқалып отыр. Осыған орай, Алматыдағы №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасы мен Shashkin Clinic заманауи неврология және нейрореабилитация клиникасы Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің қатысуымен нейрохирургия бойынша алғашқы білім беру курсын өткізді.

зор, қала оңтүстік-шығыс өңірде нейрохирургиялық қызмет көрсету хабына айнала алады», – деді.

Алматыдағы №2 қалалық клиникалық аурухананың бас дәрігері Марат Рабандияров отандық нейрохирургиядағы жаңа бағыт – бас миы қан тамырлары ауруларын емдеу – пышақсыз хирургия, бас миы қан тамырларын эндоваскулярлық емдеу екенін айтты. Ол өз сөзінде: «Жаңа әдістер, жаңа бағыттардың қатарында аномальды гидроцефалияның күрделі түрлерін эндоскопиялық емдеу де бар. ОЖЖ ісіктерін ауру ошағын миллиметрге дейін дәл етіп көрсететін нейронавигациялық құрылғыларды қолдану арқылы емдеу де үлкен бағыттың бірі. Эпилепсия хирургиясы, ДЦП

Өмірдің өзінен

«Пятак» дегенді естіп пе едіңіз?! Құлағымыз үйреніп кеткен атау. Жұмыссыздардың «тұрағы». Кейбіреулер «Құлбазар» деп те жүр. Әдетте сол «пятак» жағалап кеткен ер адамдарды көшелерден күнде көріп жүреміз. Етіміз де, бойымыз да үйренген. Ерлерден қалыспай, тіршілік қамымен бұл жерлерде нәзік жаңдылар да жүр. Әсіресе Алматы маңындағы әйгілі базардан ары-бері өткен сайын дорбасын арқалаған қыз-келіншектерді жиі көреміз.

«ӨПКЕМДІ ІЗДЕП ЖҮРМІН»

Жалдамалы жұмыс істеп жүрген әйелдермен әңгімелесу көптен бері көңілде жүрген ой еді. Аптаның бірінші күні-ақ базарды бетке алдым. Базардан өте сала жолдың оң қапталында топ-топ болып тұрған қалың адамды кездестірдім. Араларынан әйел іздеп келемін. Бір жігіт жүгіріп келіп: – Әпке, жұмыс бар ма? Қандай жұмыс болса да барамыз. Бағасына келісейік – деп, шыр айналады. – Жо-жок. Мен жұмыс істейтін әйел адам іздеп жүр едім. Олар бар ма қазір? – дедім. – Аа, сізге әйел адам керек пе? Олар анау жерде тұр, – деп қолымен нұсқалды. «Оларды қалай әңгімеге тартсам екен?», – ішімнен ойлап келемін. Журналист екенінді айтсаң, әңгімесін айтпақ тұрмақ, қуып жіберетін сияқты көрінеді. Сондықтан оларға басқа жолмен жакындауды жөн көрдім. Сағат тілі 10:30 көрсетіп тұр. Күн ыстық. Мен

тапсырыспен жас жігіт келді. Өзінің анасының қатты наукастанып жатқанын айтып, үйін тазалап беруін өтінді. Ұсынған ақшасы да аз емес. Қателеспесем, 8000 теңгеге келістік-ау деймін. Үй жинау деген біз үшін ең оңай жұмыс қой. Әдірісі

мен коса, жолымызға да ақша берді. Қағазда «Қалқаман» ықшамауданы пәленінші үй деп көрсетілген. Жолдасым көрсетілген мекен жайға көлік тоқтатып, мені отырғызып жіберді. Үйге келсем, шынымен де наукас апа төсекте жатыр. Үйдің іші астаң-кестен. Ақырындап жинастыра басталды. Бір кезде анасы жанына шақырып алды да: – Қызым, ертерек қашып кет. Әйтпесе, жігіттер зорлауы мүмкін. Олар сені алдап шақырды. Рас айтам, қызым, қаша ғой, – деп жыларман күйге түсті. Ойымда ештеңе жоқ еді. «Апа, үйді жинастырып берейін. Ақысы төленген», – деймін. Бір кезде ішімдікке сылкия тойған баласы мен екі досы бар енгезердей үшеу кіріп келді. Дастархан дайында деп бұйырды. Өздері көтеріп келген азық-түлікті ұсынды. Осы кезде жолдасыма хабарласып, дереу келуін өтіндім. Арасы 10-15 минуттың ішінде жолдасым келіп алып кетті. Әлгі үшеуі не болғанын түсінбей

күзетеді. Қашам деп ойлама. Аттасан болды иттермі талап жейді», – деді.

Мен не болғанын түсінбей отырмын. Оған қарсы сөз айтпауға да қорқып, жүрексініп қалдым. Со күні шәй-тамағымды беріп, бөлмеден шығармай бір күн ұстады. Тіпті әжетханаға да барсаң, андып отырады. Сыртта шынымен арсылдаған төбелей-төбелей иттер. Әлгі қара дәу «фасс» десе, адамға атырылғалы тұр.

Тан атты. Жиырмаға жуық сиыр саудым. Жанымдағылармен де таныстым. Ол жерде бір мылқау жігіт пен бір келіншек бар екен. Үшіншісі – менмін. Келіншек қатты қорқып қалған болу керек, тіпті сөйлесе алмайсың. Жанына барсаң қашқақтайды. Ал мылқау жігіт сиыр бағалды, мал қораны тазалайды. Бағыма орай, мен барған күннен екі күн өткен соң дәу қара көлігімен бір жакка кетті. Бірақ иттері кәдімгідей үйретілген. Ондай иттерді бірінші рет көрүім. Видеокамерадан да жаман. Мылқау жігітке жалынып, жағдайымды айтып жатырмын. Ол бір кезде ұн салатын қапты алып келді де, ішіне кір деп қора жақтағы малдың қиын шығаратын арбаны нұсқалды. Бірден түсіне қойдым. Қаптын ішіне кірдім. Ол мені арбаға салды. Менің үстіме малдың қиын қатар салды да сай жакка алып барды. Осылайша, иттердің қасынан өткізіп жіберді. Құтылды деген осы шығар.

Жаяулатып тас жолға дейін бірнеше шақырым жүрдім. Тас жолға жетіп, көлік тоқтатып, Алматыға әрең жеттім. Оларға арыз жазайын десем, сол кезде



Жоғарыда аталған балалар аурулары неден туындайды, әлемдік нейрохирургияда оларды диагностикалау мен емдеудің қандай әдісі бар, елімізде олардың қайсысы нейрохирургиялық қызметте қолданылады? Осы сұрақтар бүгін балалар нейрохирургиясының өзекті мәселелері мен емдеудің инновациялық әдістеріне арналған білім беру курсында талқыланды. Shashkin Clinic заманауи неврология және нейрореабилитация клиникасының директоры Шынғыс Шашкин отандық нейрохирургтардың нейрохирургияның ең өзекті мәселелеріне қатысты соңғы акпаратқа елден шықпай-ақ қол жеткізуіне өз септігін тігізуге дайын екенін айтты. Ол: «Алматыда балалар нейрохирургиясын дамытуға мүмкіндік зор. Нейрохирургия қызметі өңірлерде де дамуы қажет, бұл – өте маңызды. Адамдар ем қабылдау үшін алысқа шықпауы тиіс. Кейбір наукастарды



«Адам денсаулығын қорғау және нығайту адамның жас және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, аурулар мен олардың салдарының пайда болу қатерінің сыртқы және мінез-құлықтық факторларын төмендету бойынша саби өмірінің алғашқы күндерінен басталатын және барлық жастағы кезеңдерінде жалғастырылатын профилактикалық іс-шараларға бағытталатын болады»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)



тасымалдауға тыйым салынатынын ескерсек, бұл өте қажет. Балалар нейрохирургиясына қатысты айтар болсақ, шұғыл араласуды қажет ететін жағдай болады. Сол себепті санитарлық авиацияны күтпей, емдеуді бастау қажет. Мысалы, Алматыдағы балалар ауруханасы негізінде жаксы хирургия жүргізіп, сапалы көмек бере алатын, соның ішінде жаңа технологияны қолдану арқылы бұрын-сонды жүргізілмеген операцияларды, соның ішінде спастика хирургиясы, эпилепсия хирургиясын жүргізе алатын балалар нейрохирургтарының командасын құруға болады. Әрине, елімізде наукас көп, олар ем қабылдау үшін шетелге баруға мәжбүр. Себебі Нұр-Сұлтандағы бір ғана нейрохирургия орталығы балалар елдегі сұранысты өтей алмайды. Осы білім беру курсы мамандарды дайындаудағы олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді. Алматының әлеуеті

хирургиясын да дамыту жоспарда бар. Көптеген жаңа туылған нәрестелер нейрохирургиялық көмекке мұқтаж. Алматыдағы №2 қалалық клиникалық балалар аурухананың мақсаты – әлемдік нейрохирургияның мүгедектікті азайту және осы мақсатқа жету үшін қолдан келгеннің барлығын жасап, ауруларды емдеуде ерте араласу тәжірибесін қолданып көреміз», – деді.

Нейрохирургия бойынша курс ұйымдастырушылары шараны жүйелі түрде жыл сайын өткізуді, өзге де диагноздарды талқылауды, әлемдік нейрохирургияның көптеген спикерлері мен профессорларын шақыруды жоспарлап отыр. Бұл Алматыда ғана емес, сонымен бірге отандық нейрохирургияның дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

іздеген әйелдер бір дүңгіршектің көлеңкесін сағалап тұр. Жайлап жандарына бардым. Бәрі үрке қарады.

– Сіздер осында жұмыс істейсіздер ме? Мен әпкемді іздеп жүр едім, – деп туыс апайымның суретін көрсеттім. Сәйкестік деп осыны айт. Бәлкім, өпкемнің суреті сол жердегі әйелдердің біріне ұқсаса керек. Суретті көргендері: «Осы жерге келген сияқты. Түрі таныс. Неше күн болды үйіне бармағанына?», – деп мені сұрақтың астына алды.

– Бір аптадан асты, – дедім.

Сөзім шынайы болуы үшін тағы да өтірік қосуға мәжбүр болдым. «Құзырлы органдарға барсам, үш тәулік өтсін. Содан кейін барып арызыңды қабылдаймыз» деп шығарып салды – дедім.

Ірі денелі, ер мінезді бір әйел қасыма келді.

– Біреуді іздеп жүрсін бе? Бұл жер қауіпті. Бүгіндікке туысын іздеп келген үшінші адамсың, – деп сөзге араласты.

– Сонда қалай? Мұнда жұмыс іздеп келгендер жоғалып кете ме? – дедім таңырқай.

– Ондай оқиға көп болған. Егер жалғыз өзі кетіп қалса, табу қиын. Менің осы «пятакта» жүргеніме біраз жыл болды. Басымыздан неше түрлі оқиға өтті. Қазір осындағы әйелдердің үстінен қараймын. Осыларға жауаптысы да менмін. Өзім Тараздың тумасымын – деп, аузы-аузына жұқпай сөйлеп жатыр. Ақ көңіл жан екен.

– Сіздердегі ең жас қыз қаншада? – дедім, әңгімені жалғайым келіп.

– 20-да. Тіпті олардан жасы бар. Ең үлкеніміздің өзі 50-де. Олан да үлкені бар болуы мүмкін, – деп, жауап берді.

– Әпкен қай жылғы, күйеуі бар ма? – деп өзіме сұрақ қойды.

– Күйеуі жоқ. Екі баласы бар, – дедім, сасқанымнан.

– Ой, күйеуі жоқ болса, түсінікті. «Гулять» етіп кетті ғой, – деп кенк-кенк күлсін.

– Жок, ондай жаман әдеті жоқ еді. Жакында жұмысынан босап қалған. Осы жакка ақша табам деп кетті, – дедім сөзімді жуып-шайғандай.

– Аа, онда оны іздестіру керек. Бұл жерден талай әйел жоғалған.

Алматының жан-жағында мал бағатын фазенда көп. Құжатын тартып алып, жұмысқа салып қояды. Ондайларды талай көргенбіз. Бұл жер қауіпті, – деді әлгі әйел.

– Енді қайдан іздесем екен? – деп, жандарына жакындап отырдым.

АРАҢДАП ҚАЛА ЖАЗДАҒАН

Осы кезде өзін «Осы жердің бригадирімін» деген әлгі келіншек: – Иә, бұл жерде неше түрлі тағдыр кездеседі... Мен саған өзімнің басымнан өткен бір оқиғаны айтып берейін, – деді.

Менің де күткенім осы еді. Жанына жакындадым. Әлгі келіншек әңгімесін бастады.

«Осыдан бірнеше жыл бұрын ғой деймін. «Пятакка» алғаш шығып жүрген кезім. Жолдасым да бірге шығатын. Бір күні жұмысқа

қалды. Содан бері жалғыз еш жерге бармайтын болдым. Осындағы жұмысқа келген әйелдерге де ескертіп отырамын. Жалғыз жарым бармаймыз», – деп әңгімесін аяқтады.

– Жұмыстарыңыз қауіпті болса, неге мұнда жүрісіздер? Басқа тұрақты жұмыс табуға болмас па еді? – деп сұрадым.

– Біз еркіндікке үйреніп қалғанбыз. Өз басым айлыққа қарап отыра алмаймын. «Пятакка» үйреніп кеттім. Бір күнде 10-15 мың теңге табатын кезіміз болады. Кейде түк таппай қайтамыз. Осыған етім үйреніп кетті.

– Сонда қандай жұмыс істейсіздер?

– Жұмыс таңдамаймыз. Әліміз келетін жұмысты істей береміз. Бірнеше жылдан бері тұрақты жұмыс берушілеріміз бар. Көбінесе, әйел адамдардың қолынан келетін үй әктеу, сырлау, левкас жүргізу сияқты жұмыстар ғой.

ҚҰЛДЫҚТАН ҚҰТЫЛҒАН ӘЙЕЛ

Осы кезде арамызда әңгімемізді тыңдап тұрған ақ құба әйел:

– Мен де біреуге құл болып кете сактадым ғой, – деді.

Ендігі әңгімені сол келіншек бастады.

– Осы көктемде болған оқиға. Бізге «Jeep» мінген ерлі-зайыптылар келді. Өздері әдемі киініп алған. Біздің Ұзынағаш стансасында қыстаулығымыз бар. Малшылар тұрған үйімізді ағартып, жуып-тазалау керек. Ақшасын береміз. Ренжітпейміз. Бізге бір адам керек, – деді. Осындағы тұрған бірнешеуіміз «Мен барайын. Мен барайын», – деп шуласып кеттік. «Jeep»-тен түскен әйел мені тандады. Ойымда ештеңе жоқ. «Крутой» көлікке отырғанымға мәзбін.

Бір сағаттай жол жүрдік. Мал қорасы бар, бір-екі үйлі қоражайға көліп тоқталдық. Өзім Нүкістен келген қазақпын. Орысшаны да қатырмаймын. Ал мені алып барған әлгі екеуі сол жердің қарауылы болу керек, дәу қара жігітке: «Мы привезли работника, не отпускаяй пусть поработает», – деді. Тағы бірдене айтты да мені қалдырып кетті. Олардың күбірінен күлктенсем де, ойымда ештеңе болған жоқ. Ерлі-зайыпты ғой, жаман әрекетке бармас деп қоямын. Мені апарған екеу тартып тұрды. Бір кезде дәу қара жігіт: «Бүгін саған демалыс. Ертеннен бастап сиыр сауасың. Осы жердің барлық тірлігін жасайсың. Қазір бөлмеңе бар. Есіктің алдын қабаған иттер

өзімнің де құжатым дұрыс емес еді. Нүкіске қайтарып жібере ме деп қорқып, ешкімге тіс жармадым. Тек қасымдағы қыздарға «Қымбат көлік мініп келетіндерге сенбейік! Абай болайық! Жалғыз-жарым бармайық!», – деп сол оқиғадан бері шыр-пыр боламын», – деп сөзін аяқтады.

5000 ТЕҢГЕ МЕН 5 КЕЛІНШЕК

Ақ құба келіншектің жанына барлығы үйіріліп қалыпты. Әңгімесін ұйып тыңдап тұрғанбыз. Дәл сол сәтте:

– Қыздар жұмыс бар, кім баралды? – деген ер адамның дауысы әңгімемізді үзіп жіберді. Менің қасымда тұрған қыздар жамырап «Қандай жұмыс, ақшасы қанша?» – деп шуылдап кетті. Келген адам «Жанадан құрылысы біткен жатақхананы тазалау керек. Маған 5 адам жетеді. Үш қабатты обшаға. Бөлмелері көп. Әрқайсына 5000 теңгеден. Келіскендерің жүріндер», – деді.

Жанымдағы 5 келіншек қуана-қуана киімін арқалап әлгі кісінің көлігіне қарай беттеді. Көлікке мініп бара жатып, бригадирмін деген келіншек:

– Уайымдама сіңлім, егер телефонды қосуды болса, тез тауып аласың өкенді. Уақыт өткізбей полицияға бар, – деп ескертті.

Қара жолдың бойынан нәпақа тауып жүрген қыз-келіншектермен әңгіме барысында түсінгенім, олар жұмыспен қамту орталықтарына барғысы келмейтін көрінеді. «Онда барғанымен қолайлы жұмыс табыла қояры екіталай», – дейді. Өздері айтпақшы, осы «свободный режимдері» өздеріне ұнайды. Қандай да бір жұмыс шығып қалса, «Жұмыстан босатыңызшы» деп бастыққа жаутандап тұрмайды. Қашан жалақы түседі деп үздігіп отырмайды. Алайда олар зейнетақы қорына ақша жинай алмайтындарына іштері аштығынан да жасырған жоқ. «Ертен қартайғанда зейнетақы ала аламыз ба, жоқ па?» – деп кейді. Оларды тағы бір қынжылтқан дүние – бұл нәзік жандылардың белгілі бір тұрғылықты жерде тіркеуде болмағандықтан, үкіметтен көрсетілетін көмектерден де қағылып отырғандығы. Құлбазардың құдіреті сондай, ол өзіне тартып тұрады. Өйткені бұл жерде күнделікті ақша табуға болады...

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



www.jasqazaq.kz

DAMÝ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Әлеумет

Елордаға ақылы автотұрақ жүйесінің енгізілгеніне бір жарым жылдың жүзі болып қалды. Былтыр қаңтар айынан бастап «Нұржол» бульварына арнайы паркоматтары бар паркингтер орнатылса, артынша бұл қаланың «Астана-1» бекеті маңына да іске асты. Жасыратыны жоқ, бастапқыда жаңа үрдіске жүргізушілер наразы болған. Бірақ көп ұзамай оның тиімді тұстары айқындалды. Осы орайда біз ақылы орындардың пайдасы төңірегінде ой қозғауды жөн көрдік.

КЕПТЕЛІССІЗ ЖҰРУ ҒАНИБЕТ...

Нұр-Сұлтанның күн санап дамып келе жатқанына бәріміз күміз. Бір өкініштісі, қала тұрғындары көбейген сайын көлік саны да артуда. Осыдан бірнеше жыл бұрын кептеліс болмайтындығына мақтанатын едік. Қазір межелеген жеріне

үшін «Астананың көлік тұрағы кеңістігі» ЖШС директоры Шыңғыс Досыбаевпен байланысқа шықты. — Жыл соңына дейін 10 мың тұрақ орны ақылы болады. Елорданың біраз көшесіне бұл жүйе енгізіледі. Қазір Сығанақ, Сарайшық, Мәңгілік ел және Тұран даңғылдарына жататын

ұсынысты реттеу құралы. Кез келген қала басшылығы тұрғындарды жеке көлігімен кептеліссіз әрі кедергісіз жүруін қамтамасыз ете алмайды» деген. Біз де сарапшының осы пікірімен келісеміз», — деді. Автомобиль — қозғалыс құралы. Бірақ ол жекеменшік болып есептеледі. Ал жер —



АҚЫЛЫ ТҰРАҚ – ИГІЛІКТІҢ КӨЗІ

кептеліссіз жету мүмкін емес. Ал таңғы және кешкі қысылтаяң уақытқа түссең, бірнеше сағат уақытыңды жолда өткізесің.

Қазіргі уақытта тұрғын үйлердің ауласы, жол жиектері, тіпті жаяу жүргіншілерге арналған жолдарға дейін көлік қойып қояды. Зерттеп көрсек, кей отбасында екіден-үштен көлігі бар. Ыңғайлылық жақсы. Дегенмен, бұл жайт өзге тұрғындарға кедергі келтіріп отырғанын ұмытпаған жөн. Темір тұлпар санының артуы жаяу жүргіншілерге, әсіресе мектеп жасындағы бүлдіршіндерге, аяғы ауыр немесе құндақтағы баласын арбамен жетектеген аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, сондай-ақ велосипед мінгендерге кедергі келтіруде. Міне, осы жағын ойлаған қала басшылығы соңғы екі жылда көлік тұрағы кеңістігін бір жолға қойып, ретке келтіру ісіне білек сыбана кірісті. Бұл мәселені шешу үшін халықаралық PWC (PricewaterhouseCoopers) мамандары да тартылды.

10 МЫҢ АҚЫЛЫ ТҰРАҚ ЕНГІЗІЛЕДІ

Жылы хабар өткен жылдан бастап желдей есіп тұр. Біз жақында осы мәліметтің анық-қанығына көз жеткізу

аумақтар туралы нақты айтуға болады. Бұл — сол жағалауда. Оң жақ жағалауда — Республика, Сарыарқа, Бөгенбай батыр даңғылдары және Есіл өзенінің маңында ақылы автотұрақ пайда болады. Белгіленген аудандар әкімшілік орталық боп саналады. Автокөліктер мұнда көп келетіндіктен, тұраққа қатысты проблема бар. Біз оны шешуге міндеттіміз, — дейді ол.

Айта кетейік, осыған дейін Есіл ауданында 3908 көлік орны ақылы болатыны, ал жыл соңына дейін бұл үрдіс Қонаев, Мәңгілік ел, Сарайшық, Сығанақ және Қабанбай батыр көшелерінің аумағында жалғасатыны хабарланған. Бұдан бөлек, ақылы жүйені қаланың оң жағалауындағы Сарыарқа, Бөгенбай батыр, Уәлиханов, Бараев көшелеріне және Республика даңғылына да енгізу жоспарланған. Жоспар бойынша 2019 жылдың соңына дейін Байқоңыр ауданында — 242 орын, Алматы ауданында — 3337 орын, Сарыарқа ауданында 2773 орын ақылы жүйеге көшеді.

ЖҮРГІЗУШІНІҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ САЛЫҒЫ БАР...



Осы тұста мына бір жайт ойға оралады. Ақылы орындарды көбейту Елорданы көліксіз қала ету — басты мақсат секілді. Осы сауалды «Астананың көлік тұрағы кеңістігі» мекемесіне жолдадық. Бұған байланысты мекеме өкілдері: «Ақылы автотұрақты іске қосудың басты себебі — көпшілік ойлағандай, қала қазынасын толтыру емес. Белгілі урбанист Аркадий Гершман: «Ақылы тұрақ — сұраныс пен

қаланикі. Жүргізушілер үшін тегін орындар қарастырылуы керек деп еш жерде айтылмаған. Егер адам көлік алатын болса, оның бензині үшін де шығындалатынын біледі. Сондай-ақ арнайы салық төлейтінінен де хабардар. Демек, оның автотұраққа ақшаныз жетпесе, қоғамдық көліктермен қатынаған жөн. Міне, мәселенің шешімі осы ғана. Әркім өзіне ыңғайлысын пайдаланады. Бұған қоса, Нұр-Сұлтанда велосипедшілер үшін арнайы жолақтар орнатылып, жұртшылыққа жағдай жасалғанын ұмытпаған жөн.

Жақында «Нұржол» бульварының бойы жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіз етілгенін байқадық. Апат саны да бірден азайды. Желек жол бойы қала тұрғындары мен қонақтары үшін айтарлықтай ыңғайлы бола бастады. Бұл бастама қаланың өзге де тұстарында жалғасса, керемет емес пе! Басты мақсат — астананы қауіпсіз, ыңғайлы қала ету.

Қорыта айтар болсақ, Нұр-Сұлтан қаласында ақылы тұрақ жүйесі енгізілгелі бері жүргізушілер арасында көлік жүргізу мәдениеті қалыптасты.

Қазір қаланың, әсіресе сол жақ жағалауында бей-берекет қойылған машиналарды кездестіру некен-саяқ. Бұл жүйе биылдан бастап қаланың өзге де аумақтарына орнатылса, тәртіп те, қауіпсіздік те қамтамасыз етіледі. Қарапайым халық бұл жүйені қолдап отыр. Өйткені қаланың дамуына, көлік қозғалысының реттелуіне, қауіпсіздік сақтауға мұның көмегі зор.

Бірлік түбі – береке

Соңғы жылдары Елордада қоғамдық жұмыстарға, қайырымдылық бағытындағы іс-шараларға еріктілер тобы белсене араласып жүр. Олар тіпті әлеуметтік саладағы арнайы жалданған қызметкерлердің орнын басып келеді. Себебі ақпарат беттерінен «жоғалып кеткен студентті іздеуге еріктілер тобы жиналып жатыр немесе ауыр науқасқа шалдыққан бүлдіршінің еміне қайырымдылық турнирі ұйымдастырылады» деген ақпараттарды жиі оқуға болады. Сонда дүйім жұрттың ыстық ықыласына бөленгендер кімдер? Оларға қай мекеме жетекшілік етеді? Еріктілерге қандай тапсырма беріледі? Бұл мақаламызда осы төңіректе ой ербітуді жөн көріп отырмыз.

ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ТӨРТ БАҒЫТЫ

Бүгінде қала әкімдігінің ұйытқы болуымен «Астана жастары» КММ еріктілер қозғалысын дамытуға арналған арнайы бөлім 5 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 2014 жылдан бері жастар event-волонтерлік, әлеуметтік волонтерлік, есо-волонтерлік және спорттық іс-шараларға арналған волонтерлік болып, төрт бағытта қайырымдылық жұмыстарға атсалысуда. Нақтырақ айтар болсақ, event бағыты халықаралық деңгейдегі жиындарға арналса, әлеуметтік волонтерлік қоғамдағы маңызы бар бастамаларда ұйытқы болады. Есо бөлімінің ерекшелігі еріктілер табиғатты аялап, қоршаған ортаны қорғау ісіне білек сыбана кіріссе, спорттық іс-шараларда допингтік бақылау жұмысы қоса берілген көрінеді. Еріктілердің жасына ешқандай шектеу қойылмайды. Бүгінде олардың қатарында шамамен 2500 адамның мәліметі тіркеліпті. Оның 300-і ерекше белсенді жастар. Қоғамдық маңызы

дамуына аз да болса ықпал етіп отыр», — дейді. Сөз ыңғайы келгенде айтарымыз, бұл мекеме мемлекеттік құзырлы



орындармен тығыз байланыста. 2017 жылы бүкіл дүниежүзі көз тіккен ЭКСПО көрмесіне 1500 ерікті қызмет көрсетіпті. Небәрі үш айда жастар астанадағы театр, аурухана, полиция бөлімшелерімен бірге жұмыс істеп, 90-нан аса нысанда волонтерлер еңбек еткен. Олардың бұл еңбегі қала басшылығының жұмысын жеңілдеткені анық. Себебі ғаламдық көрме кезінде шетелдіктер павильондарды небәрі екі-үш сағат қана тамашаласа, ары қарай қаланың өзге де тұстарын аралауға кетеді. Міне, осылайша, ЭКСПО-ның жоғары деңгейде өтуіне, туристердің, еліміздің әр аймағынан келген тұрғындардың барынша мол ақпарат

ЕРІКТІЛЕР ЕЛГЕ ҮЛГІ



бар әрі қайырымдылық жұмыстарға негізінен 14-17 жас аралығындағылар ниет білдіретін көрінеді. Себебі олардың әр нәрсені білуге, көруге, үйренуге, жаңа ортамен араласуға құштар кезі. Сол себепті еріктілердің жас шамасына шектеу жоқ. Белсенділер бос уақыттарында қиналған жандарға жәрдем беру мәселесін талқылау үшін орталыққа жиналады. Мұндай жастағы еріктілердің кейде сабағы, жеке шаруасы болып қалып жатады. Сондықтан қандай да бір шара өткізудің алдында бөрінің келісімімен ыңғайлы уақыт таңдалады.

ЕРІКТІЛЕР МЕКТЕБІ

Айта кетерлік, қызықты мәліметтің бірі — Елордада «Волонтерлер мектебі» бар. «Болам деген баланың бетін қаппа, белін бу» деген ұстанымға берік қалалық әкімдік Жастар жылы аясында еріктілерге ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл мектепке түрлі саланың мамандары шақырылып, еріктілерге конфликтология, психология дәрістері өткізіліп, қаланың көрікті жерлерінің түп тарихы туралы, өзге елдің менталитетін зерттеу бойынша сабақтар ұйымдастырылады. Тіпті алғашқы медициналық көмек көрсетудің жолдарына дейін үйрету назардан тыс қалмаған. Мұның бәрі волонтерлік жұмыста септігін тигізеді. Қыз-жігіттердің белсенділігіне қатысты пікір білдірген «Астана жастары» КММ бөлім басшысы Эльвира Есмұханова: «Волонтерлік жастардың бойындағы жалқаулықтан арылуға көмектеседі. Өзгелерге жәрдемдесуден адамгершілік сезімі оянады. Биылғы Жастар жылы аясында еріктілер қозғалысына ерекше мән беріп отырмыз. Бұл — ұйымға мүше азаматтар еңбегінің еленгені. Олар тегін жұмыс істейді. Осылайша қоғамның

алуына ерекше үлес қосты. Бұдан бөлек, Art Fest-2016, G-Global-2018, МузТВ сыйлығы, Гравитация — 2015, Триатлон-2018 секілді ауқымды шаралардың жоғары деңгейде өтуіне еріктілер қозғалысы ұйытқы болған.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ТУРНИРІ

Соңғы жылдары бас қалада «Астана жастарынан» бөлек, түрлі мекемелер де игілігі мол істерге атсалысып келеді. Мәселен, қайырымдылық бағытындағы футбол турнирі жиі ұйымдастырылады. Өзгелердің басындағы қиындыққа ортақтасып, жиналған қаржы мұқтаж адамның жеке шотына бірден аударылып жатады.

Бірақ апта бұрын Нұр-Сұлтан әкімдігінің тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бұқаралық спортты насихаттау мақсатында қайырымдылыққа бағытталған шағын футболдан дәстүрлі қалалық турнир өткізді. Оны ұйымдастырушылардың бірі Қолғанат Мақатұлы: «Қатысушы командалардың жарнасы, одан бөлек, «Ел-Несібе» қайырымдылық қоры және жекелеген қайырымды жандардың көмегімен 154000 теңге жиналды. Сол жақтағы жекелеген азаматтардан жеткен мәлімет арқылы үйіне снаряд құлап, баспанасы түгелдей қираған Қарлығаш Байгөзізова мен өзіне және екі ұлына снаряд жарықшақтары тиіп, ауыр жаракаттанған Нұрлан Рахимовтың отбасына турнирден түскен қаржыны аудардық. Қайырымдылық турниріне атсалысқан азаматтарға алғысымыз шексіз!», — деді.

Бетті дайындаған
Ғабиден ДОСЖАН,
Нұр-Сұлтан қаласы
бойынша меншікті тілші

Түркістан қаласының облыс орталығы атанғанына биыл бір жыл толды. Аз ғана уақыт аралығында көне шаһарда көптеген ілкімді істер жүзеге асты. Ең бастысы, жаңа қала бой көтеретін аймақтың жобасы жасалып, құрылыс қарқын алды. Қ.А.Ясауи кесенесінің аймағы да абаттандырылу үстінде. Жолдар жөнделіп, көшелер реттелуде. Қалаға келетін туристерге жағдай жасалып, туризмді дамыту жұмысы қарқынды түрде қолға алынды.

ҚОНАҚТАР КӨБЕЙЕДІ

Түркістан қаласын дамыту жөніндегі бас жоспар бойынша шаһар құрылысы мен сәулеті үш бағытта жүргізілуде. Бірінші — аймақтағы

Облыс орталығы Түркістан қаласынан Өзбекстан астанасы Ташкентке автобус 6 сағат 40 минут жүреді. Екі бағытта күнделікті екі автобус қатынайды. Автобус бағыты жолаушыларды Түркістанның «Алтын Орда»



ТҮРКІСТАН. ТАРИХИ ТУРИЗМ МЕКЕНІ



тарихи, екінші — аймақтағы рухани-мәдени орталық. Ал үшінші аймақ қаланың негізгі даму орталығы ретінде бой көтереді. Мұнда әкімшілік-іскерлік орталығы орналасады.

Тарихи орталық мәдениет және спорт министрлігінің тарапынан Қ.Ясауи кесенесін қорғау аумағы ретінде дамытылмақ. Мұнда тарихи нысандарды қайта жаңғырту көзделуде. Ал «Рухани-мәдени орталық» деп аталатын екінші аймақта алғашқы кезде 98 гектар алқап игерілді. Қ.Ясауи кесенесінің бүкіл әлемдік мұра тізіміне енген маңызды ескерткіш екені ескеріле отырып, оған баратын жол ашылады. Жаңа нысандар да осы маңда бой көтереді. Бірінші кезекте «Ұлы дала елі» орталығы, музыкалық субұрқак, туристерді қабылдау орталығы, амфитеатр, Шығыс моншасы секілді ғимараттар салынады.

Осылайша, Түркістанда туристер тамашалайтын орындар көбейеді. Ең бастысы, қалада қонақтар үшін қолайлы жағдай жасалады. Көшелер көне қаланы еске түсірсе, шығыс базары секілді сауда қатарлары шетелден келушілерге түрлі кәдесыйларды ұсынбақ.

Өткен жылы қалаға келген туристер 1 миллионнан асса, алдағы уақытта оларды 5 миллионға дейін жеткізу көзделіп отыр.

БАЙЛАНЫС БЕКУДЕ

Быттырдан бері Түркістан мен Ташкент арасына халықаралық автобус жүре бастады. Жаңа бағыт екі ел арасындағы сауда-экономикалық және туристік қатынастарды нығайту мақсатында ашылды. Автобус бағытын қазақстандық «Бақдәулет Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен өзбекстандық «Узавотранс» мекемесі ұйымдастырып отыр. Бағыттың жалпы қашықтығы — 335 шақырым.



сақтай отырып, заманауи болуы керек деген ойын білдірді.

Динара Гужавинаның авторлығымен дүниеге келген жобадә Ұлы Жібек жолы бойындағы қозғалысты бейнелейтін логотип қалалық қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткен басқосуда лайықты бағасын алды. Бұдан әрі өз тәртібімен жұртшылық назарына ұсынылатын жаңа белгі қолдау тауып бекітілсе, ол көптеген нысандарда қаланың бейнесін айшықтайтын символға айналмақ.

57 БАҒЫТ БАР

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қызмет көрсетілген туристер саны быттыр 152 124 адамды құраған. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 15,2%-ға артық. Бұдан бөлек, 2018 жылы Түркістан қаласына бір күнге келушілердің саны 1495267 адамды, Отырар ауданында 412460 адамды құраған. Ал биылғы жылы көрсеткіш мұнан да жоғары болады деп күтілуде.

Облыста экологиялық, тарихи-мәдени және танымдық бағыттағы 57 туристік маршрут әзірленді. Аталған туристік бағыттар мен нысандардың бойындағы инфрақұрылымды дамыту мақсатында қазақ, орыс және ағылшын тілінде 114 жол көрсеткіш пен 57 нысан төлқұжаты орналастырылыпты.

2017-2018 жылдары 8 туристік нысанға алып баратын жолға жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Өнірдің танымал 35 туристік нысанына QR-кодтар орналастырылып, сол арқылы туристер өзіне қажетті барлық ақпаратты алуына жағдай жасалған. Қ.Ясауи кесенесі аумағында Wi-Fi интернет желісі орнатылған. Қазіргі кезде қалаға келген туристердің кесене

аумағында жоғары жылдамдықты интернет желісін пайдалануға мүмкіндігі бар. Облыстық туризм және сыртқы

байланыстар басқармасы тарапынан мәдениет және спорт министрлігімен тығыз жұмыс жүргізу нәтижесінде «Туристік индустрияны 2019-2025 жылға дейін дамыту мемлекеттік бағдарламасы» шеңберінде әзірленген «Қазақстанның туристификациялау картасының» республикалық маңызы бар ТОП-10 нысанына Түркістан қаласы, сондай-ақ жергілікті маңызы бар ТОП-50 нысанына Сайрам-Өгем ұлттық паркі, Қасқасу жобасы және Сарыағаш курорты енген.

ИМИДЖ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Өнірде туристік имиджді қалыптастыру мен туристік өнімді ілгерілету жайы бойынша да ауқымды жұмыстар жүзеге асуда. Туристік имиджді қалыптастыру үшін облыс делегациясы тұрақты түрде отандық және шетелдік туристік іс-шараларға қатысып, саяхатшыларды тартуда. Нәтижесінде, жергілікті туристік индустрия өкілдері, басқарма мен шетелдік туристік операторлар арасында өнірге туристер тарту бойынша

40-қа жуық меморандум мен келісімшартқа қол қойылған. Сонымен қатар туристер тамашалайтын жерлерді көбейту мақсатында біршама жобалар қолға алынып, жүзеге асқан. Атап айтар болсақ, «Бұл біздің таулар: тау тұлғалар» фестивалі аясында Сайрам-Өгем ұлттық табиғи саябағындағы 3 шынға қазақтың Төле, Қазыбек және Әйтеке билерінің есімдері беріліпті. Silk Road Fair туристік жәрмеңкесі өтіп, оған 150-ден астам адам қатысқан.

Түркістан қаласында тұңғыш рет «Ежелгі Түркістан — жаңа мүмкіндіктер» халықаралық туристік форумы өтіп, онда туризм саласындағы 300-ден аса шет мемлекет сарапшылары, мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялар мен елшіліктердің өкілдері тақырыпты кең көлемде талқылаған. «Қ.Ясауи кесенесіне миллионыншы келушіні» марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. Іс-шара аясында АҚШ-тан келген отбасылық миллионыншы жұпқа кәдесыйлар мен Түркістан өніріне саяхат туры табысталды. Сонымен қатар Түркістан қаласы туралы «Түркістан — болашақтың тарихы» ролигі түсіріліп, әлеуметтік желілерде кең таратылды. Облыс әкімдігінің шақыруымен «TRT AVAZ» (Туркия), «Тюменское время», «Россия 1» телеарналары тарапынан облыстың туристік әлеуеті туралы бағдарламалар түсіріліп, кең көлемде насихатталған.

Облыс әкімдігінің бастамасымен Ташкент қаласында тұңғыш «Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінің» ақпараттық кеңсесі ашылды. Аймақтың туризм деңгейін таныстыру мақсатында Индонезия және Малайзия елдерінде роуд-шоу іс-шарасы ұйымдастырылып, нәтижесінде Куала-Лумпур қаласында 105 туристік компанияларымен Түркістан облысының туристік бизнес өкілдері өзара келіссөздер жүргізді. Іс-шара барысында

Индонезия елінің 40 туристік компаниясымен келіссөздер жүргізілді.

KITF-2019 халықаралық туристік көрмесіне Түркістан облысының 30-ға жуық туристік бизнес өкілдері қатысты. Өнірдің туристік мүмкіндігін бүкіл халықаралық туризмен өкілдеріне насихатталды.

«Номад Эксплорер» ұйымдастыруымен өткен «Оңтүстік аңыздары» экспедициясы аясында «Халықтар достығы асханасы» көрмесі мен колонершілер жәрмеңкесі өткізілді. «Оңтүстік аңыздары» экспедициясына Қазақстан және шетелдік туристерді қоса алғанда, 100-ге жуық турист аймақтың туристік нысандарына саяхатын жалғастырды.

Малайзия және Индонезия елінде өткен роуд-шоу нәтижесі бойынша «SkyWay» туристік операторымен бірлескен Малайзияның 12 туристік компаниясына Түркістан облысының туристік ақпараттық туры ұйымдастырылды. Оның қорытындысы бойынша «Куала — Лумпур — Алматы — Шымкент — Түркістан — Ташкент» туристік бағыты малайзиялық туристерге ұсынылды. «Kazakh Tourism» ҰҚ ұйымдастыруымен Батыс Қазақстан аймағының туристік бизнес өкілдері мен блогерлеріне Сарыағаш курорттық емдік шипажай орындары таныстырылды. Ақпараттық сапардың нәтижесінде 12 туристік компания «Сарыағаш», «Алтын бұлақ», «Акерке», «Айдабол», «Маржан су», «Айша бибі» емдік-сауықтыру орындарымен өзара келісімшарт жасасты.

Бұдан бөлек, «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Гид-волонтер» жобасы жүзеге асырылды. Жоба шеңберінде туризм, екі шетел тілі, тарих және халықаралық қатынастар мамандығында оқитын жоғары оқу орын студенттері үшін облыстың 21 маршруты бойынша гидтердің оқыту курстарын туристік нысандарын аралау тәсілі арқылы өткізілді. Енді Түркістан қаласында туризм саласы бойынша колледж ашу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда, Төле би ауданында жеке инвестиция есебінен «Ғайып ерен, қырық шілтен» киелі нысаны туристік тізімге енді. Түлкібас ауданында Ақсу-Жабағылы қорығы жанында жеке инвестиция есебінен «Etno Park Resort» этно-бағының құрылысы жүріп жатыр.

КӘДЕСЫЙ ТҮРКІСТАНДА ЖАСАЛАДЫ

Төле би ауданындағы «Қасқасу тау-шаңғы жобасы жұмыстары қайта жаңғырып, облыстың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспарына енгізілді. Жобаға 2020-2021 жылдарға арналған республикалық бюджеттен таулы және инженерлік инфрақұрылымын қаржыландыруға 22 млрд теңге қаралды. Бірінші кезеңінде жылына 45 000-110 000 турист қабылдауға мүмкіндік бар. Құрылыс барысында 1900 жұмыс орнын және іске қосылғанда 400 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Қазіргі таңда, жобаның инженерлік-коммуникациялық желі мен тау-кен инфрақұрылымын жүргізу үшін ЖСК (367 млн теңге) әзірленуде. Аймаққа келуші туристер мен облыс қонақтарына ұсынылатын кәдесыйлар мен қолданбалы заттарды орталыққа шоғырландыру мақсатында Түркістан қаласында «Зияратшылар орталығы» ғимаратын «Ұлы Жібек жолы» ұлттық колонер шеберлері орталығына» қайта құрылымдау бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Орталық дәстүрлі колонердің барлық түрін ұсыныатын болады. Оның ішінде керамика, тоқыма, ағаш және былғарымен жұмыс,



сондай-ақ зергерлік бұйымдар мен қола құю бар. Бұдан бөлек, жоба аясында колонершілер үшін дуалды білім беру орталығы ашылады.

КИЕЛІ МЕКЕННІҢ КЕРЕМЕТІ

Облыс орталығында «Тарихи туризм мекені — Түркістан» атты форум өтті. Басты мақсат — елімізде туризм саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес форумға қатысушыларды ішкі туризмді дамытуда қаланың туристік нысандарымен таныстыру, сондай-ақ туризм саласына инвестиция тарту және туризмді дамыту бағытында облыстық және республикалық деңгейлерде атқарылып жатқан шаралар жөнінде ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Форумға қатысушылар Түркістан қаласындағы туризмнің дамуы жайын жан-жақты талқылады. Тарихи-мәдени орындарды және қаланың көрікті жерлерін аралап, тарихи нысандармен танысты. Сондай-ақ Қаратау бөктерінде орналасқан Жылаған ата шатқалында, «Укаша ата» кесенесінде болды.

Осылайша, көне қалаға туристерді тартудың тың жобалары жасалып, ол сәтті жүзеге асуда. Алдағы уақытта да тарихи қала Түркістанды әлемге танытатын ілкімді істер өз жалғасын табады.

Серік СЕЙІТ,
Түркістан қаласы
Суретті түсірген
Мақсат ШАҒЫРБАЕВ



қонақтарына тарифке сәйкес, республикалық тарихи маңызы бар ғимараттарға кіру ақылы екенін ескерте кеткеніміз жөн. Әр аптаның демалыс



Жамбыл өңірі тарихи-мәдени құндылықтарға өте бай. Бұған дейін көне жәдігерлер мен құрылыстардың маңыздылығын

ескерсек, осы жерлерге келетін туристердің есебінен ішкі туризмді дамытуға болатыны айтылып жүрген-ді. Осыған орай, Жастар жылына байланысты облыс әкімдігі туризм басқармасының қолдауымен екі туристік автобус бағыты ашылды. Бұл – аймақта бұрын-соңды қолға алынбаған тың жоба.

Киелі жер



қызықтырады

Шараның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Нұржан Календеров сөз сөйлеп, Жастар жылының маңызына тоқталды. Аталған автобус бағыттары жастарға, оның ішінде студенттер мен оқушыларға 5 ай бойы тегін екенін айтып, баршаға сәттілік тіледі.

Бағыттармен ең әуелі соғыс ардагерлері және әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қызмет алушылары, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардың балалары қамтылады. Бұл санаттағылар республикалық тарихи маңызы бар ғимараттарға тегін кіреді. Ал енді Тараз қаласының тұрғындары мен қала



балабақша жасында.

Сондықтан, оның бәрін қыдырту отбасымыз үшін біраз қаражатты қажет ететін еді. Бүгін жасалып отырған жағдайға байланысты өңірдің тарихи-мәдени жерлерін көлікпен тегін аралап, тегін тамашалауға мүмкіндік алдық. Осы жағдайды жүзеге асырған басқармаға, жауапты кісілерге алғысымызды айтамыз», — дейді.

Құндылықтардың қадірін білетін өңірдегі баянды бастама жұртшылық тарапынан зор ықылас тудырды. Мұның өзі жергілікті туризмді дамытуға зор көңіл бөлініп, бұл мәселе облыс әкімшілігі тарапынан қолдау тауып отырғанын көрсетеді.

Ерман ӘБДИЕВ,
Тараз қаласы



СҮЙІНІНІНІ?

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті Әділхан Мәкин «Славян базары – 2019» халықаралық фестивалінде бас жүлдеге ие болды. Бұл жаңалықты алғашқы болып өнер академиясының ректоры Асхат Маемиров бөлісті.

Жарайсың, Әділхан!



Осыдан дәл төрт жыл бұрын «Славян базары – 2015» халықаралық фестивалінде Димаш Құдайбергелі тұлғаш рет бас жүлдені жеңіп алған еді. Витебскіде Димаш бағындырған биік биыл Әділхан Мәкиннің жеңісімен жаңғырды. Кәсіби орындаушылық деңгейі мен актерлік шеберлігі жарасым тапқан Әділхан қазылар алқасы тарапынан қолдауға ие болды. Оның сыртында тікелей эфирді тамашалаған миллиондаған жанкүйер қазақ жігітінің өнеріне қайран қалды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ҚЫСЫҚ АУДАРМА



ЖӨН ЕКЕН?

Жамбыл өңірінде Жастар жылына орай атқарылып жатқан жұмыс жеткілікті. Соның біріне жүзу спортынан Рио-де-Жанейрода өткен Паралимпиада ойындарының және әлем чемпионы Зұлфия Ғабидуллина мұрындық болды. Ол облыс орталығындағы «Жансая» шағынауданнан әмбебап спорт алаңшасын ашты. Лентаны қала әкімінің орынбасары Кенжебек Олжабай, облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбол Жүнісбеков, спортшы Зұлфия Ғабидуллина қиды.

Мұнан соң балалардың алғашқы ойыны басталып та кетті. Алаңның көлемі 6х20 шаршы метрді құрайды. Оған 4 миллион теңге жұмсалған. Бұл игілікті іске

Зұлфияның сыйлығы



Жас project жобасының аймақтағы жетекшісі Мамыр Асатуллаев та қолдау көрсетті. Мұнда баскетбол, волейбол, шағын футбол ойынуға, жеңіл атлетика

түрлерімен шұғылдануға мүмкіндік бар. Бір мезгілде 25 бала қалаған спорт түрімен айналыса алады. Аталған спорт алаңшасының ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Кенжебек Олжабай сөз сөйлеп, «Туған жер» жобасына үлес қосып отырған Зұлфия Ғабидуллинаға зор алғысын білдірді. Мұнан соң облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбол Жүнісбеков өз тарапынан сыйлықтар ұсынды. Паралимпиада ойындарының чемпионы Зұлфия Ғабидуллина балаларға тарту жасағанына қуанышты екенін айтып, тұрғындардан спорт алаңшасын күтіп ұстауды өтінді.

Ерман ҚАНЖАНҰЛЫ, Тараз қаласы

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2175;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.